



# ҚАЗАҚСТАН-АҚШ:

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ




# АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ӨҢІРІНДЕГІ БАСТЫ ГЕОСАЯСИ КҮШТЕРДІҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ.

АҚШ-тың 2019-2025 жылдарға арналған Орталық Азияға қатысты стратегиясы Вашингтонның өңірдегі экономика мен қауіпсіздік саласындағы мүдделерін айқындап, «террористік қауіп-қатерлерді азайтуға», Ауғанстандағы «тұрақтылықты қолдауды жалғастыруға», «С5+1» форматындағы диалогты нығайтуға баса назар аударылды.

Осыған байланысты, Қазақстан АҚШ-тың өңірдегі, оның ішінде қауіпсіздік саласындағы негізгі әріптесі бола отырып, американдық биліктің Ауғанстандағы бейбіт процесті сақтаудағы іс-әрекетін қолдайды, ауған көлік инфрақұрылымын дамыту жобаларына қатыса отырып, ауған қауіпсіздік күштеріне қаржылық көмек көрсетеді.

Қазақстан мен АҚШ арасындағы сауда ынтымақтастығы 2020 жылы (қаңтар-қараша аралығында) 1,3 млрд доллар, 2019 жылы 2 млрд доллар, 2018 жылы 2,1 млрд доллар, 2017 жылы 1,3 млрд доллар құрады.

Мұнай бағасының төмендеуі жағдайында және COVID-19 пандемиясының жағымсыз әсерінен екі жақты сауданың одан әрі төмендеуі күтілуде.



## АҚШ-тан Қазақстанға негізгі импорт тауарлары

- машиналар
- ұшақтар
- электр жабдықтар
- оптикалық және медициналық құралдар
- темекі
- көлік құралдары
- мал
- егуге арналған тұқымдар
- ет және құс өнімдері
- дайын тағам өнімдері

- минералды отын
- темір
- болат
- күріш
- бейорганикалық химиялық заттар
- қорғасын
- басқа асыл металдар (уран)
- тамақ өнімдері
- шай
- өңделген жемістер мен көкөністер
- егуге арналған тұқымдар

## Қазақстаннан АҚШ-қа негізгі экспорт тауарлары

Жалпы алғанда, **ҚР-дағы тікелей шетелдік инвестициялар көлемі** (2020 жылғы деректерге сәйкес) 161,2 млрд АҚШ доллар (**негізінен мұнай-газ секторында**) құрады, оның **36,5 млрд долларын АҚШ** салды. Нидерланды, Франция, Қытай және Жапониямен қатар, Қазақстан экономикасының басты инвесторларының бірі АҚШ болып табылады.

36,5  
млрд долл.  
АҚШ салды



**Қазақстанда 700-ден астам американдық компания**, оның ішінде Chevron, Exxon Mobil, General Electric, Halliburton қызмет етеді, олардың ішіндегі ең ірілері мұнай-газ, машина жасау, химия, құрылыс, агроөнеркәсіп, тау-кен металлургия сияқты салаларда, сондай-ақ IT саласында жұмысқа тартылған.

**Соңғы жиырма жыл ішінде** Қазақстан АҚШ-тан **шамамен 2 млрд АҚШ доллар көлемінде көмек алды, оның ішінде 86 млн астам АҚШ доллары денсаулық сақтау саласына бөлінді**, атап айтқанда туберкулез және АИТВ/ЖИТС таралуын тоқтатуға бағытталған.

Америка Құрама Штаттарынан Қазақстанға жалпы көмектің ең төменгі мөлшері 2001 жылы, 50 млн АҚШ доллар болса, ал максимум - 2010 жылы 242 млн АҚШ долларын құрады; Төмендеу үрдісін сақтай отырып, **бөлінген қаражат 2020 жылы шамамен 30 млн долларды құрады.**

2020 жылы қаражат негізінен, келесі негізгі жобалар бойынша іс-шараларды іске асыруға бағытталды:

- «Қауіпті бірлесіп азайту бағдарламасы: Жаһандық ядролық қауіпсіздік» (10 785 000 АҚШ доллары);
- «Қауіпті бірлесіп азайту бағдарламасы: Биологиялық қауіпті азайту» (6 484 000 АҚШ доллары);
- USAID-тің Орталық Азиядағы АИТВ-ға қарсы «Флагман» бағдарламасы (1 312 955 АҚШ доллары);
- USAID-тің «Болашақ энергиясы» бағдарламасы (953 580 АҚШ доллары);
- Жаһандық оқыту мен жабдықтау бағдарламасы – шекара қауіпсіздігі бойынша арнайы операцияларға дайындау (926 633 АҚШ доллары).

АҚШ-тың Қазақстанды қолдауы трансұлттық қауіп-қатерлерге (терроризм, адам саудасы, есірткі саудасы, жаппай қырып-жою қарудың таралуы) қарсы тұру, сот жүйесін және құқық қорғау органдарын дамыту, азаматтық қоғам және БАҚ-тың қоғамдық рөлін арттыру, инвестициялық және сауда ортасын жақсарту, тиімді әлеуметтік қызметтерді ұсыну, арзан таза энергия өндірісін ұлғайту сияқты мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған.

АҚШ үкіметі Халықаралық Даму Агенттігі (USAID) және Ауруларды бақылау және алдын алу орталығы (CDC) арқылы **коронавирус пандемиясына қарсы күресті қолдау мақсатында, 2020 жылы Қазақстанға** қажетті зертханалық жабдықтар мен жарақтарын қоса алғанда, **6,2 млн доллар көмек жіберілді.**

Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы көмектің (COVID-19 пандемияға қарсы), шамамен 800 мың доллар көлеміндегі қаржысы келесі шараларға қолданылады:

- зертханалық жүйелерді дайындау;
- ауру жұқтырғандарды анықтау және жағдайға қарай эпидқадағалауды бекіту жөніндегі шараларды жандандыру;
- қажетті шаралар қабылдау және дайындықты қамтамасыз ету бойынша техникалық сарапшыларды қолдау;
- қауіп туралы ақпараттандыру шараларын арттыру.



Қазақстан мен АҚШ-тың әскери саладағы ынтымақтастығы дәстүрлі түрде ҚР және АҚШ қорғаныс министрліктерінің әскери ынтымақтастығының бесжылдық жоспарлары негізінде жүзеге асырылады, 2017 жылы қабылданған соңғы құжат 2018 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Алдыңғы жоспар 2013 жылдан бастап 2017 жылға дейін қолданыста болды және бітімгершілік, бірлескен оқу-жаттығулар, кадрлар даярлау саласындағы байланыстарды кеңейтуге бағытталды.



Америкалық тараптың қолдауымен «Казбриг» бітімгершілік бөлімшесі құрылды. Қазақстан мен АҚШ жыл сайын НАТО-ның «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы шеңберінде «Дала қыраны» бірлескен бітімгершілік оқу-жаттығуларын өткізеді. Сонымен қатар қазақстандық әскери қызметкерлер АҚШ қаржыландырылатын Viking, Eager Lion, Shanti Prayas әскери оқуларына қатысады. Сондай-ақ, қазақстандық әскери қызметкерлер АҚШ Мемлекеттік департаментінің Әлемдік бітімгершілік іс-қимыл бастамасының (GPOI) негізінде бітімгершілік күштер ретінде дайындықтан өтеді.

**2015 жылдан бастап «C5+1» Қазақстан мен АҚШ арасындағы аймақтық ынтымақтастықтың негізгі форматы болып қала береді.** Орталық Азия елдерімен ынтымақтастықта АҚШ қауіпсіздік мәселелерінің басымдығын сақтайды, оның ішінде тұрақсыз жағдай мен АИР шекарасындағы зорлық-зомбылық проблемалары және Сириядан Орталық Азия содырларының оралу қауіпі бар.

Соған қарай, осы жылдың қаңтарында «C5+1» платформасы арқылы жүзеге асырылатын, Қазақстанның АҚШ және Өзбекстанмен «Орталық Азия инвестициялық серіктестігі» іске қосылғанын атап өткен жөн. 5 жыл ішінде аймақтағы экономикалық даму және жеке секторды нығайту жобаларын қаржыландыруға кем дегенде 1 млрд АҚШ доллар мөлшерінде инвестициялар тартылады.

Осылайша, АҚШ-тың Қазақстанмен, сонымен қатар Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен дәстүрлі түрде диалогты жалғастыруы – терроризмге қарсы күрестегі ынтымақтастыққа, Ауғанстандағы бейбітшілікті құруға көмектесуге, екіжақты және көпжақты негізде, атап айтқанда «C5+1» аймақтық платформасы шеңберінде дамуды қолдау, демократияландыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобаларды жүргізуді негізге алатынын байқаймыз.

Бұл ретте «C5+1» жұмыс топтарының диалогын дамыту және кездесулерін өткізу, дәстүрлі түрде бағыттар бойынша бес жоба базасында қамтамасыз етіледі:

- терроризмге қарсы күрес;
- бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- көлік дәлізін дамыту;
- энергетикалық саясатты күшейту;
- экологиялық тәуекелдерді анықтау және іс-әрекеттерге басымдық беру үшін адаптивті жоспарлар жасау.